

Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұсташа және коммуналдық қызметтердің төлеміне тұрғындық жәрдем берудің ережесі туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2004 жылғы 15 қаңтардағы N 29 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 17 ақпанда N 1154 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2005 жылғы 14 қазандағы N 141 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2005.10.14 N 141 Шешімімен

1999 жылдың 16 қарашасындағы N 477-1 "Халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне езгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізінде, аудандық мәслихат

ШЕШІТІ:

1. Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұсташа және коммуналдық қызметтердің төлеміне тұрғындық жәрдем берудің ережесі бекітілсін.
2. Осы шешім облыстық әділет басқармасында тіркеліп, аудандық "Есіл" газетінде жарияланғаннан кейін күшіне енеді.

Аудандық мәслихаттың сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Бекітілді

аудандық

2004

жылғы

15

мәслихаттың

қаңтардағы

"Аз

қамтамасыз

етілген

азаматтарға

тұрғын

үй

ұсташаға

және

коммуналдық

қызметтердің

тұтыну

акысын

төлеуге

тұрғын

үй

көмегін

берудің

ережесі

туралы" N 29»шешімімен

**Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй ұсташа
және коммуналдық қызметтердің тұтыну акысын төлеуге
тұрғын үй көмегін берудің
ЕРЕЖЕСІ**

1. Тұрғын үй көмегіне - тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтің тұтыну ақысын төлеуге, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан жалға пәтер алу шығындарының орнын толтыру үшін халықтың аз қамтамасыз етілген жігіне берілетін

өтемақызы.

2. Егер өтемақылық шаралармен қамтамасыз етіледін тұрғын үй нормалары және коммуналдық қызметті тұтынуға жұмсалатын төлемдер, отбасы бюджетінде осы мақсатпен жұмсалатын шығындар үлесінен артатын болса тұрғын үй көмегі, осы көмек (жалдаушы, жалға алушы) болып табылатын тұлғаларға беріледі. Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға жұмсалатын шығындардың үлесі. Есіл ауданының тұрғындарына отбасының жиынтық табысының 30 % мөлшерінде белгіленеді.

3. Тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызметті тұтынуға белгіленген нормалардан артық төлемдер жалпы негізінде жүргізіледі.

4. Жеке меншігінде біреуден артық тұрғын үйі (үйі, пәтері) бар немесе тұрғын үй жайларды жалға тапсырған немесе қайта жалға берген тұлғалар тұрғын үй көмегін алу құқығын жоғалтады.

5. Егер отбасында күту қажет деп танылған мүгедектерді күтетін немесе жас шамасы 1,5 жасқа дейінгі бала (біреу және одан да көп) күтіп отырған тұлғаны есептемегендегі, жұмыс істеуге қабілетті, бірақ жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін және жұмыспен қамту қызметтінде тіркелмеген тұлғалар болса, онда отбасыларының тұрғын үй жәрдемін алуға құқығы жоқ.

6. Жайлы секторда тұратын тұлғаларға тұрғын үй көмегі пәтер иесіне (жалдаушыға, жалға алушыға) пәтерді ұстауға және коммуналдық қызметке есептелген сомамен салыстырғанда төлемді кеміту түрінде, қолма-қосыз ақша нысанында өтініштері бойынша қызмет көрсетушілердің жеке шоттарына аудару арқылы беріледі. Тұрғын үй көмегінің көлемі пәтер және коммуналдық қызмет үшін іс жүзінде есептелген төлем сомасынан артық бола алмайды.

7. Тұрғын үй көмегі ағымдағы тоқсанға тағайындалады көмек тағайындауға қажетті құжаттар ағымдағы тоқсанның соңғы айының 25-ші жүлдізына дейін қабылданады, алдында өткен тоқсанның табыстары есепке алынады. Тұрғын үй көмегін алушыларды қайта тіркеу ресімдеудің алғашқы үрдісімен бірдей.

8. Тұрғын үй көмегін алушылар өз пәтерінің меншік нысанының, отбасы құрамының және жиынтық табысының кез-келген өзгерістері туралы 10 күн ішінде еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөліміне хабарлауға тиіс.

9. Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы шешім барлық отбасы мүшелерін жеке куәлендіретін құжаттар берген жағдайда пәтер жалдаушының (иесінің) өтініші және оған қоса берілген мынадай құжаттар: отбасы құрамы, жылжымайтын мұлік орталығы беретін меншіктегі тұрғын үй бар-жоғы, тұрғын

Үйдің пайдалы алаңының көлемі, тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметке төлем жөніндегі шығындар отбасының жиынтық табысы туралы анықтамалар негізінде қабылданады.

10. Табыс етілген құжаттарды қарастыру нәтижесі бойынша тұрғын үй көмегінің есептелуі енгізілген еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімі мен өтініш берушінің арасында екі жақтық келісім-шарт жасалады. Шарт екі данада жасалады, оның біреуі тұрғын үйдің меншік иесінде сақталады. Аталған шарт тұрғын үй көмегін беру үшін негіз болып табылады.

11. Ақпараттың дұрыстығына күдік туган жағдайда, еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімі тұрғын үй көмегін алуға өтініш берген тұлғаның табысы туралы ақпарат сұрауға құқылы.

Тұрғын үй көмегін алуға өтініш берген пәтер иесінің (жалдаушының, жалға алушының) отбасындағы барлық іс-әрекетке қабілетті мүшелері, өздерінің табыстары туралы жеке және заңды тұлғалардан айқындаушы ақпарат алуға келісімдерін растайтын рұқсатқа қолдарын қоюлары тиіс.

12. Көмектің мөлшері өтемақылық шаралармен қамтамасыз етілетін нормалар шектеріндегі тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтыну үшін меншік иесінің нақты төлемі мен отбасының осы мақсатқа жұмсалатын шығындарының ең жоғарғы шектеулі деңгейінің арасындағы айырмашылығы р е т і н д е е с е п т е л е д і .

13. Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызмет төлеміне отбасының мүмкін шығындарының ең жоғарғы шектеулі үлесі, отбасының табысы, коммуналдық қызметке тарифтер мен нақты шығындар өзгерген жағдайда бұрынғы тағайындалған көмек қайта есептеледі. Тұрғын үй көмегін төлеу аудандық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

14. Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімі тұрғын үй ұстауға және коммуналдық қызметтер үшін алдындағы үш айдың нақты шығындарын төлемегені үшін және біле тұра жалған құжаттарды берген азаматтарға тұрғын үй көмегін тағайындауды тоқтата тұруға және алып тастауға қ ұ қ ы լ ы .

15. Пәтер иесінің немесе пәтер иесінің қайтыс болған жағдайында, осы пәтердің тұрғын үй алаңының нормалары және коммуналдық қызметті тұтыну нормативтері шегінде тұратын отбасы мүшелері мұрагерлік құқығына енгізілгенше тұрғын үй көмегі тағайындалады.